

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кенті әкімінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 4 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кенті әкімінің 2023 жылғы 6 қазандағы № 14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кенті әкімінің 06.10.2023 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сарыкөл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2023 жылғы 04 сәуірдегі № 01-20/111 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінде Ю.К. Дьяченко гурт жаю аумағында ірі қара малдың бруцеллезі бойынша қолайсыз пункт болып жариялануына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Сарыкөл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сарыкөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотия ошағында ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізу үшін қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Сарыкөл кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық

жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Сарыкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кезін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

Сарыкөл кенті әкімінің міндетін атқарушы

Б. Калмуратов

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитеті Қостанай
облысы санитариялық -
эпидемиологиялық бақылау
департаментінің Сарыкөл аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекеме басшысы

_____ С. Ибраева

2023 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің
Сарыкөл аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесі басшысы

_____ А. Молдахметова

2023 жылғы " ____ " _____